



«БЕКІТЕМІН»  
«ШҚО КББ орталығы» КММ  
директоры

А.А.А. А.Ақылбек  
«17» сәуір 2020ж.

Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының қоғамдық пәндер оқытушыларының арасында «Оқытудың жаңа әдістерін енгізу және зерттеу» тақырыбындағы қашықтықтан өтетін облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

#### ЕРЕЖЕСІ

2020 жыл

## I. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының қоғамдық пәндер оқытушыларының арасында «Оқытудың жаңа әдістерін енгізу және зерттеу» тақырыбындағы қашықтықтан өтетін облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияның (әрі қарай – Конференция) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру ретін, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, қатысушыларды бағалау және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Конференция 2020 жылдың 30 қаңтарына дейін қашықтықтан өткізіледі.

1.3. Конференцияға Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының қоғамдық пәндер оқытушылары (тарих, мәдениеттану, философия, қоғамтану, саясаттану және әлеуметтану негіздері) қатысады.

1.4. Конференция қазақ, орыс тілінде өтеді.

1.5. Конференцияның секциялары:

- Педагогикалық ізденіс - кәсіби өсу кепілі;
- Студенттердің сыни ойлауын қалыптастыруда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Қоғамдық пәндерде аймақтық компоненттерді тиімді қолданудың ерекшеліктері;
- Рухани жаңғыру негізінде қоғамдық сананы қалыптастыру жолдары;
- Қоғамдық пәндерде студенттердің білімін бағалау механизмдері.

## II. Конференцияның мақсаты мен міндеттері

**2.1. Конференцияның мақсаты:** оқытушылардың инновациялық, шығармашылық және ғылыми қабілеттерін көрсету үшін мүмкіндіктер жасау, озат іс- тәжірибелерін жинақтап, насихаттау және тарату.

**2.2. Конференцияның міндеттері:**

- зерттелетін мәселелер бойынша көзқарастарын кеңейту мен білімдерін тереңдету;
- оқу, анықтамалық және ғылыми әдебиеттермен жұмыс дағдысын дамыту;
- білімдегі жаңашылдыққа ұмтылысын дамыту;
- оқытушылардың ғылыми-шығармашылық қабілеттерін қолдау;
- қарым-қатынас мәдениетін одан әрі жетілдіру.

## III. Конференцияға қатысу

3.1. Қашықтықтан өтетін облыстық конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне (электронды пошта [Nur\\_020@mail.ru](mailto:Nur_020@mail.ru)) материалдар папкасын жіберу қажет

3.2. Материалдар папкасы 2 файлдан тұру керек, олар:

- а) берілген нұсқаға сәйкес өтінім;
- б) талаптар мен нұсқаға сәйкес жазылған мақала.

3.3. Конференцияға қатысуға сұраныс және материалдар 2020 жылдың 30 қаңтарына дейін қабылданады (Қосымша №1).

3.5. Материалдар электронды түрде «Конференция» деген белгі бойынша қабылданады.

3.6. Талаптарға сай емес материалдар қарастырылмайды.

#### **IV. Конференцияға ұсынылатын материалдардың мазмұныны мен безендіруіне қойылатын талаптар:**

4.1. Тақырыптың өзектілігі, ғылымилығы, тақырыптың толық ашылуы және құрылымының бірізділігі; қорытындылардың дәлелдігі, нәтижеге сәйкестігі; жұмыстың зерттеушілік сипаты, аталған тәжірибенің тиімділігін көрсететін нақты фактілерді, жұмыс көрсеткіштерін талдау және жинақтау;

4.2. Жинаққа ұсынған материалдардың безендірілуіне қойылатын талаптар:

Материалдар электронды түрде жіберіледі: мәтіннің көлемі толық 4-7 бетке дейін, мәтін редакторы *MS WORD*; А4 форматы, негізгі шрифт – *Times New Roman*; кегль – 14, жоларалық интервал – 1; стиль – қалыпты; мәтінді ені бойынша түзету; азат жолы – 1,0 см; барлық жиектері – 2 см. Беттер нөмірленбейді.

Жоғарғы жағының ортасынан – тасымалсыз жазба әріптерімен, жартылай қалың, баяндама тақырыбы; одан әрі бір жолдан кейін ортасына қарай – автордың аты-жөні, одан әрі бір жолдан кейін ұйымы, қаласы, одан әрі бір жолдан кейін – мақала мәтіні. Әдебиет сілтемелері тік жақшамен алынады. Ондағы сандар әдебиет тізімінде көрсеткен ретпен сәйкес келуі керек (мысалы: [1], [2], [3]). Тік жақшада нүктелі үтір арқылы алынған автор еңбегінің нөмірі көрсетіледі (мысалы: [22; 132]). Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің болуы міндетті. Тасымалдау қойылмайды (Қосымша №2).

Суреттердің көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс. Суреттер, иллюстрациялар, фотосуреттер *TIFF* немесе *JPG* кеңейтуімен бір файлда жіберіледі. Мәтінде әрбір суретке сілтемесі болуы тиіс, суреттерді нөмірлеу – өтпелі, суреттерге қойылған қолтаңба жеткілікті толық мәліметті болуы тиіс.

#### **V. Конференцияның өту тәртібі:**

5.1. 2020 жылдың 30 қаңтарына дейін Конференцияға қатысушылардың материалдарын қабылдау.

5.2. Әділ қазылар алқасының отырысында қабылданған баяндамалар қаралып, үздік баяндамалар анықталады.

5.3. 2020 жылдың 31 қаңтарында әділ қазылар алқасының отырысында қорытындылар шығарады.

5.4. Үздік деп танылған баяндама «ШҚО КББ орталығы» КММ мадақтамасымен марапатталады. Әрбір қатысушыға сертификат беріледі.

5.5. Үздік баяндамалар жинағы облыс көлемінде тәжірибесін тарату мақсатында PDF форматында ШҚО КББ орталығы сайтына салынады.

**Ұйымдастырушы:** «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, Қоғамдық пәндер оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі.

**Байланыс телефондары:** Сағымбеков Нұржан Әшімұлы ұялы телефоны 87751761641, 87088895079, e-mail: [Nur\\_020@mail.ru](mailto:Nur_020@mail.ru)

## Қосымша 1

### «Оқытудың жаңа әдістерін енгізу және зерттеу» тақырыбындағы қашықтықтан өтетін облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға ӨТІНІМ

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Оқу орнының атауы	
Байланыс телефоны	
<i>E-mail</i> (міндетті)	
Баяндаманың аты	
Бағыты	

## Қосымша 2

### Мақаланы рәсімдеу үлгісі

#### «ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»

**Мұқанов Т.К.**

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК, Семей қаласы  
Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні [1]. ... Мақала мәтіні. Мақала мәтіні.  
Мақала мәтіні. Мақала мәтіні [2]. ... Мақала мәтіні [3] ... Мақала мәтіні.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы, 2010ж.6-б
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана, 07.12.2010ж. 28-б
3. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау // Алматы, 2004ж. 6-б.
4. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім // Қазақстан мектебі, №4, 2008ж. 8б.